

**Астрахан ауданының Астрахан ауылы мен ауылдық елді мекендеріндегі бағалау аймақтарының шекаралары және жер учаскелері үшін төлемақының базалық ставкаларына түзету коэффициенттерін бекіту туралы**

***Күшін жойған***

Ақмола облысы Астрахан аудандық мәслихатының 2016 жылғы 26 тамыздағы № 6С-8-4 шешімі. Ақмола облысының Әділет департаментінде 2016 жылғы 5 қазанда № 5560 болып тіркелді. Күші жойылды - Ақмола облысы Астрахан аудандық мәслихатының 2020 жылғы 4 ақпандағы № 6С-61-2 шешімімен

**Ескерту. Күші жойылды - Ақмола облысы Астрахан аудандық мәслихатының 04.02.2020 № 6С-61-2 (ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) ш е ш і м і м е н .**

Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 20 маусымдағы Жер кодексінің 11 бабының 1 тармағына, "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңының 6 бабының 1 тармағының 13) тармақшасына сәйкес, Астрахан аудандық мәслихаты **ШЕШІМ ЕТТІ:**

1. Астрахан ауданының Астрахан ауылы мен ауылдық елді мекендеріндегі бағалау аймақтарының шекаралары және жер учаскелері үшін төлемақының базалық ставкаларына түзету коэффициенттері 1 және 2 қосымшаларға сәйкес **б е к і т і л с і н .**

2. Осы шешім Ақмола облысының Әділет департаментінде мемлекеттік тіркелген күннен бастап күшіне енеді және ресми жарияланған күннен бастап қолданысқа енгізіледі.

Астрахан аудандық мәслихатының  
сессия төрағасы

*Д.Сағадатов*

Астрахан аудандық  
мәслихатының хатшысы

*М.Қожахмет*

**"КЕЛІСІЛДІ"**

Астрахан ауданының әкімі

*Т.Ерсейітов*

26.08.2016 ж.

Астрахан аудандық  
мәслихатының  
2016 жылғы 26 тамыздағы  
№ 6С-8-4 шешіміне  
1 қосымша

**Астрахан ауылы бағалау аймақтарының шекаралары және жер учаскелері үшін төлемақының базалық ставкаларына түзету коэффициенттері**

| Ай-мақ<br>№ | Жер учаскелері<br>ү ш і н<br>төлемақының<br>базалық<br>ставкаларына<br>түзету<br>коэффициенттері | Аймақтардың шекаралары                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                       |
|-------------|--------------------------------------------------------------------------------------------------|------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|
| 1           | 2                                                                                                | 3                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                            |
| I           | 1.9                                                                                              | Астрахан ауылының орталық бөлігін алып жатыр. Аймақтың шекарасы солтүстік жағынан - Мұқтар Әуезов көшесі, шығыс жағынан – Абылайхан көшесі, оңтүстік жағынан – Ыбырай Алтынсарин көшесі және батыс жағынан – Интернациональный тұйық көшесі арқылы өтеді.                                                                                                                                                                                                                    |
| II          | 1.8                                                                                              | Астрахан ауылының орталық бөлігін алып жатыр. Шекара солтүстік жағында Мұқтар Әуезов көшесінің бойымен өтіп, Мир және Әл Фараби көшелеріне бұрылады, шығыс шекарасы Сәкен Сейфуллин көшесі, оңтүстік шекара – Бостандық көшесімен өтіп, Панфилов және Ыбырай Алтынсарин көшелеріне бұрылады, батыс шекарасы – Абылайхан көшесінің бойымен өтеді.                                                                                                                             |
| III         | 1.5                                                                                              | Астрахан ауылының солтүстік – шығыс бөлігінде орналасқан. Аймақтың шекарасы солтүстік жағында Астрахан ауылының нақты шекарасы бойымен өтсе, шығыс жағында – Сәкен Сейфуллин көшесі, оңтүстік жағында - Әл Фараби көшесімен өтіп, Мир және Мұқтар Әуезов көшелеріне бұрылады. Батыс жақ бөлігінде шекара Абылайхан көшесінің бойымен өтеді.                                                                                                                                  |
| IV          | 1.5                                                                                              | Астрахан ауылының солтүстік – батыс бөлігінде орналасқан. Аймақтың шекарасы солтүстік және солтүстік – батыс жағынан Астрахан ауылының нақты шекарасы, шығыс жағынан – Абылайхан көшесі бойымен өтіп, Мұқтар Әуезов көшесі және Интернациональный тұйық көшесіне бұрылады, одан ары шығыс бағытта Ыбырай Алтынсарин көшесіне және оңтүстігінде – орман алқабы бойымен Есіл өзенінің жағалауына дейін жетеді, оңтүстік және батыс жағынан шекара Есіл өзенінің бойымен өтеді. |
| V           | 1.4                                                                                              | Астрахан ауылының оңтүстік бөлігінде орналасқан. Аймақтың шекарасы солтүстік жағында Ыбырай Алтынсарин көшесімен өтіп, Панфилов және Бостандық көшелеріне бұрылады, шығыс жағынан – Сәкен Сейфуллин көшесіне, оңтүстік және батыс жағында Астрахан ауылының нақты шекарасы және Есіл өзенінің бойымен өтеді                                                                                                                                                                  |
| VI-1        | 1,0                                                                                              | Ауыл шекарасының солтүстігіне қарай, құрылыс салынған бөлігінен жоғарырақ орналасқан және бас жоспар бойынша келешекте Астрахан ауылының даму көзі болып көзделген.                                                                                                                                                                                                                                                                                                          |
| VI-2        | 1,0                                                                                              | Ауылдың оңтүстік бөлігінде, құрылыс салынған бөлігінің төменгі жағында орналасқан және Астрахан ауылының даму аймағы болып бас жоспар бойынша келешекте МТФ Васильевка, СТФ Васильевка көшелері көзделіп отыр.                                                                                                                                                                                                                                                               |

Астрахан аудандық  
мәслихатының  
2016 жылғы 26 тамыздағы  
№ 6С-8-4 шешіміне  
2 қосымша

**Астрахан ауданының ауылдық елді мекендеріндегі бағалау аймақтарының шекаралары және жер учаскелері үшін төлемақының базалық ставкаларына түзету коэффициенттері**

| Аймақ № | Жер учаскелері үшін төлемақының базалық ставкаларына түзету коэффициенттері | Аймаққа енетін ауылдық елді мекендердің атауы (ауылдық округтер бойынша)       |
|---------|-----------------------------------------------------------------------------|--------------------------------------------------------------------------------|
| 1       | 2                                                                           | 3                                                                              |
| I       | 1,80                                                                        | Жалтыр ауылы, Жалтыр ауылдық округі                                            |
|         |                                                                             | Новочеркасск ауылы, Новочеркасск ауылдық округі                                |
|         |                                                                             | Старый Колутон ауылы, Старый Колутон ауылдық округі                            |
| II      | 1,41                                                                        | Зеленое ауылы, Есіл ауылдық округі                                             |
|         |                                                                             | Петровка ауылы, Николаев ауылдық округі                                        |
|         |                                                                             | Жанатұрмыс ауылы, Қызылжар ауылдық округі                                      |
|         |                                                                             | Жарсуат ауылы, Жарсуат ауылдық округі                                          |
|         |                                                                             | Өндіріс ауылы, Новочеркасск ауылдық округі                                     |
|         |                                                                             | Первомайка ауылы, Первомай ауылдық округі                                      |
|         |                                                                             | Колутон станциясы, Колутон ауылдық округі                                      |
| III     | 1,04                                                                        | Ақбейіт ауылы, Жалтыр ауылдық округі                                           |
|         |                                                                             | Новый Колутон ауылы, Острогор ауылдық округі                                   |
|         |                                                                             | Қоскөл ауылы, Старый Колутон ауылдық округі                                    |
|         |                                                                             | Приишимка ауылы, Новочеркасск ауылдық округі                                   |
|         |                                                                             | Жаңабірлік ауылы, Астрахан ауылдық округі                                      |
|         |                                                                             | Таволжанка ауылы, Астрахан ауылдық округі                                      |
|         |                                                                             | Ягодное ауылы, Жарсуат ауылдық округі                                          |
|         |                                                                             | Акимовка ауылы, Қызылжар ауылдық округі                                        |
|         |                                                                             | Оксановка ауылы, Қызылжар ауылдық округі                                       |
|         |                                                                             | Жамбыл ауылы, Николаев ауылдық округі                                          |
|         |                                                                             | Өрнек ауылы, Николаев ауылдық округі                                           |
|         |                                                                             | Лозовое ауылы, Первомай ауылдық округі                                         |
|         |                                                                             | Камышенка ауылы, Первомай ауылдық округі                                       |
|         |                                                                             | Зареченка ауылы, Старый Колутон ауылдық округі                                 |
|         |                                                                             | Ковыленка ауылы, Старый Колутон ауылдық округі                                 |
|         |                                                                             | Бірлік ауылы, Колутон ауылдық округі                                           |
|         |                                                                             | Қаракөл ауылы, Острогор ауылдық округі                                         |
| IV      | 0,66                                                                        | Степное ауылы, Бесбидайық ауылдық округі                                       |
|         |                                                                             | Шілікті селосы Шілікті ауылы, Есіл ауылдық округі                              |
|         |                                                                             | Каменка ауылы                                                                  |
|         |                                                                             | Бесбидайық ауылы, Бесбидайық ауылдық округі                                    |
|         |                                                                             | Ұзынкөл ауылы, Ұзынкөл ауылдық округі                                          |
|         |                                                                             | Алғабас ауылы, Ұзынкөл ауылдық округі                                          |
|         |                                                                             | Бұлақты ауылы, Ұзынкөл ауылдық округі                                          |
|         |                                                                             | Жалтыр ауылы Станционная көшесі 51 ден 58 нөмір бойынша, Жалтыр ауылдық округі |

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК